КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 қыркүйек №2301-24-00-2/2284 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Досшы» күзет агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Сағындықов
талап қоюшы өкілі Б.Стамгалиева
жауапкер өкілі З.Дощиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 28 маусымда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №75 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға ғимаратты күзету қызметін шарт қазынашылық органға тіркелген күннен бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін орындауға міндеттенген. Шарт қазынашылық органға 2024 жылғы 28 маусымда тіркелген.

Шарт бойынша тиісті жұмыстын атқарылмау туралы акт 2024 жылғы 03 шілдеде жасақталған.

Талап қоюшы сотта «Досшы» күзет агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 7 596 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт)

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

2024 жылғы 17 қыркүйектегі сот ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қараусыз қалдырылған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Б.Стамгалиева талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін орындалмағанын, жағымсыз салдарының бар екенін, себебі күзетшілерге еңбек ақыны қазіргі күнге дейін өздері төлеп отырғанын көрсетті.

Сот отырысында жауапкер өкілі З.Дощиева талапты мойындамай, өзі жеңімпаз атанғаннан кейін ғимаратқа барғанын, сол жерде жұмыс жасап жатырған күзетшілермен кездесіп, жұмысқа алатынын айтқанын, алайда талап қоюшы тарапынан күзетшілерге қысымшылық көрсетілгенін, сол себепті өз қызметін атқара алмағанын көрсетті.

Прокурор А.Сағындықов берген қорытындысында талаптын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігі қанағаттандырылуға, тұрақсыздық айыбын өндіру бөлігі қараусыз қалдырылуға жататынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 65-бабының 3-бөлігіне сәйкес істің заң бойынша белгілі бір дәлелдемелермен расталуға тиіс мән-жайларының ешқандай басқа дәлелдемелермен расталуы мүмкін емес.

АПК-нің 72-бабының 1-бөлігіне сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 19.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Саудабаев А. Б., 23.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда, жауапкер шарт жасақталғаннан кейін талап қоюшының ғимаратында қызмет жасайтын күзетшілермен жасақталған еңбек шарттарын сотқа табыс еткен жоқ және өз тарапынан жұмыс жасайтын күзет қызметкерлерінің еңбек шарттарын да табыс еткен жоқ.

Жауапкер талап қоюшы тарапынан қызмет жасауына кедергі келтірілгендігі туралы уәждеріне дәлелдеме сотқа табыс еткен жоқ.

Талап қоюшының сотқа табыс еткен дәлелдемелерінен қазіргі кезде ғимаратта қызмет етіп жатырған күзетшілерге еңбек ақы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен төленіп отыр.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен алғашқы рет 2024 жылғы 02 тамызда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «Досшы» күзет агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Досшы» күзет агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Досшы» күзет агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 19.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Саудабаев А. Б., 23.10.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 19 қыркүйекте шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « » енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 19.09.2024
Заңды күшіне енген күні: 22.10.2024, судья Саудабаев А. Б., 23.10.2024
2301-24-3-1/2441